

preserving the planet for future generations. Sustainable development is about each of us and all of us together.

Bibliographic list

1. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-prinyal-uchastie-v-sammite-oon-po-celyam-v-oblasti-ustoychivogo-razvitiya-188533>
2. Bridging Gaps, Fostering Progress: Navigating Kazakhstan's SDG Journey. – September 20, 2023. [Electronic resource]/URL: <https://www.undp.org/kazakhstan/blog/bridging-gaps-fostering-progress-navigating-kazakhstans-sdg-journey>
3. Department of Labor and Living Standards Statistics. Main indicators of income differentiation of the population – June 2024.
4. Kazakhstan's transition to a Green Economy: A stocktaking report. – PAGE (2020)
5. Nationwide priorities of the Republic of Kazakhstan until 2025. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from February 26, 2021 № 520 [Electronic resource]/URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000520>

Ербатырова Д.А.

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультетінің
«Халықаралық құқық» білім беру бағдарламасының студенті
(Ғылыми жетекші - Абыласимов М.Н., PhD, Associate Professor, Академик Е.А.Бөкетов
атындағы Қарағанды университетінің «Конституциялық және халықаралық құқық»
кафедрасының меңгерушісі)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КОНТЕКСТІНДЕГІ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

1991 жылы егеменді мемлекет мәртебесін алуының салдары болып табылатын мемлекеттегі саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құрулар жаңа сот жүйесінің құрылуына негіз болды. Он жылдан астам уақыт ішінде республикада биліктің тәуелсіз және дербес сот тармағының құрылғанын айғақтайтын түбегейлі өзгерістер болды. Осы өзгерістердің мазмұнын айту үшін олардың алғышарттарын, себептерін білу аса маңызды. 1991 жылы желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлу қағидаты негізінде жүзеге асыру көзделді [1]. Кейін бұл принцип 1993 жылғы Конституцияда көзделіп, сот билігін институционализациялаудың негізгі ұйымдастырушылық аспектілерін бекітті.

1995 жылғы Конституцияның және Президенттің конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Жарлығының қабылдануымен соттардың мемлекеттік билікті жүзеге асыруының тікелей нысаны ретіндегі сот төрелігі туралы, сот органдарының заң шығарушы және атқарушы құрылымдардан тәуелсіздігі туралы жаңа ережелер енгізілді [2]. Төрелік соттарды тарату және олардың функцияларын жалпы юрисдикция соттарына беру арқылы сот жүйесінің бірлігі бекітілді. Жергілікті соттардың судьяларын Ел Президенті және Жоғарғы Сот судьяларын Парламент Сенатының сайлауы арқылы тағайындау енгізілді. Жоғары Сот Кеңесі мен Әділет биліктілік алқасын құру көзделген, судьялардың мәртебесі мен адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесіндегі рөлін нығайта отырып, олардың тәуелсіздігіне кепілдіктер күшейтілді.

Сот реформасының тағы бір маңызды жетістігі Қазақстан Республикасы Президентінің «Сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 1 қыркүйектегі Жарлығы болды, онда соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі функциялар Әділет министрлігінен уәкілетті органға - Жоғарғы Сот жанындағы Сот

әкімшілігі жөніндегі комитетке берілді (кейіннен функциялар Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департаментке берілді).

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар жарлығы соттардың атқарушы биліктің ықпалынан шығуын толық көлемде қамтамасыз ете алмады [3] және соттардың шынайы дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз еткен жоқ. Бұл сот билігінің тәуелсіздігіне кепілдік беру жүйесінде маңызды элемент - соттардың атқарушы билік органдарынан қаржылық-экономикалық тәуелсіздігі, яғни Конституцияның 80-бабында аталған ережелерді іске асырудың өзіндік тетігі болмауымен байланысты болды. Соттар әлі де әділет органдарына материалдық тәуелді болып қала берді. С.Темірболатов әділ атап өткендей, «әділет органдары арқылы соттарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету және судьяларды әлеуметтік қамтамасыз ету әкімшілік қамқоршылыққа және судьяларды бақылауға айналды. Әділет органдарының жоғары тұрған сот инстанциялары төрағаларының өкілеттіктерін өзгеше иеленуі орын алды»[4].

Осылайша 2000 жылғы желтоқсанда республика соттарының сот құрылысының негізгі элементтері мен жұмыс тәртібін айқындайтын жаңа нормалардың негізін салған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануы сот жүйесіндегі қайта құрулардың бірінші кезеңінің қисынды аяқталуы болды.

Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің 2002 жылғы 9 ақпандағы Жарлығымен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты сот дауларын қарауға уәкілетті мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды [5]. Бұл соттардың табысты жұмыс істеуі республикадағы нарықтық институттардың дамуына, инвестициялық режимге оң әсерін тигізді.

Соттардың одан әрі мамандануы Елбасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі Жарлығымен мемлекеттік билік органдарының әкімшілік өкілеттіктерінен туындайтын істер соттылығына жатқызылған ауданаралық мамандандырылған әкімшілік соттарды құруда іске асты [6]. Осылайша, жария-құқықтық қатынастар саласында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктері күшейтілді.

Президенттің 2007 жылғы 23 тамыздағы Жарлығымен Астана және Алматы қалаларында кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды. Кейіннен, Елбасының 2012 жылғы 4 ақпандағы Жарлығы бойынша мұндай соттар республиканың барлық облыс орталықтарында және кейбір ірі қалаларында құрылды.

Сот жүйесін реформалау процесінің маңызды буыны 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу институтын енгізу болып табылады, ол қоғамдық бақылау мен азаматтардың сот төрелігін іске асыруға тікелей қатысу мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті.

Бүгінгі таңда барлық өңірлерде қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды, олардың соттылығына аса ауыр қылмыстар туралы қылмыстық істер, оның ішінде алқабилердің қатысуымен қылмыстық істер, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық әскери сот жатқызылған.

Сот жүйесі реформасының тағы бір маңызды кезеңдерінің бірі 2005 жылы жергілікті соттардың рөлін нығайтуға, сот ісін жүргізуді оңайлатуға және апелляциялық сатылардың рөлін күшейтуге бағытталған соттылықты ажырату туралы Заңның қабылдануы болды. Осы Заңмен Жоғарғы Соттың соттылығынан бірінші саты бойынша қылмыстық істерді қарау алынып тасталды. Бұрын облыстық соттарда қаралған азаматтық істердің бір бөлігі аудандық соттардың құзыретіне берілді.

Сот-құқықтық реформаның кезекті кезеңі 2007 жылғы мамырда еліміздің Негізгі заңына түзетулер енгізумен белгіленді. Қабылданған новеллалардың арқасында сот төрелігі жүйесі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету ісінде, атап айтқанда, қамауға алуға сот санкциясын енгізу арқылы одан да сенімді құқықтық кепілдіктерге ие болды.

Сол жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға түзетулер енгізілді, онда судьялардың республикалық және облыстық тәртіптік-біліктілік алқаларының өкілеттіктері кеңейтілді. Егер бұрын судьяларға қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау құқығы Жоғарғы және облыстық соттардың төрағаларына берілсе, енді бұл өкілеттіктер судьялардың тәртіптік-біліктілік алқаларына берілді. Қазіргі судьяның кәсіби жарамдылығын анықтау үшін жаңа орган - Сот жюриі құрылды. Кейіннен тәртіптік-біліктілік алқаларының функциялары барлық деңгейдегі соттардың өкілдігі ескеріле отырып қалыптастырылатын алқалы орган болып табылатын Сот жюриіне берілді. Бұл жергілікті соттардың судьяларына заңсыз ықпал ету мүмкіндігін болдырмауға, олардың қызметін бағалауда біркелкі көзқарасты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Соттардың тәуелсіздігі қағидатын іске асырудың пәрменді тетіктерінің бірі Әділет біліктілік алқасын Жоғары Сот Кеңесінің қарамағына судья лауазымына кандидаттарды іріктеу жөніндегі функцияларын бере отырып, оны тарату болды. Бұл конституциялық түзету соттарды атқарушы биліктен түпкілікті оқшаулауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Жоғары Сот Кеңесінің білікті судья кадрларын іріктеуді жүзеге асыруда, сондай-ақ барлық деңгейдегі соттардың судьяларын тағайындауға ұсынымдар беруге уәкілетті Бірыңғай орган ретіндегі рөлі күшейтілді.

Сот құрылысын оңтайландыру жөніндегі жүйелі жұмыстың қисынды жалғасы ретінде 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қолданысқа енгізілді. Осы Заңға сәйкес Қазақстанның сот жүйесі бірінші сатыдағы соттардан (аудандық және оларға теңестірілген соттар), апелляциялық және кассациялық сатылардан (облыстық және оларға теңестірілген соттар), сондай-ақ қадағалау сатысынан (Жоғарғы Сот) тұрады. Осылайша, республикада халықтың мұқтаждықтарына жақындатылған және сот істерінің уақтылы және сапалы шешілуін қамтамасыз ететін оңтайлы ұйымдық құрылымы бар үш буынды сот төрелігінің жүйесі құрылды.

Бүгінде Елімізде 378 сот жұмыс істейді. Бұл- Жоғарғы Сот, 17 облыстық және 360 аудандық соттар, оның ішінде мамандандырылған (10 әскери, 16 экономикалық, 32 әкімшілік, 17 - қылмыстық істер бойынша және 19 - кәмелетке толмағандар істері бойынша) Соттар. Жоғарғы Сот жалпы юрисдикция соттарының қарауына жататын азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады және сот практикасы мәселелері бойынша түсініктемелер береді.

Жергілікті соттардың судьяларын Президент тағайындайды, ал Жоғарғы Соттың судьяларын Парламент Сенаты сайлайды. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Конституциялық Заңының 29-бабында судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар көзделген. Қазақстан Республикасының азаматы 30 жасқа толған кезде және заң мамандығы бойынша 5 жылдық жұмыс өтілі және біліктілік емтиханын тапсырған кезде ғана судья лауазымына тағайындалады [7].

Мемлекетіміздің бірінші Президенті - Елбасы сот төрелігіне қолжетімділікті оңайлату, кеңейту және істерді қараудың жеделдігін арттыру мақсатында 2012 жылғы 17 ақпанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне істерді қараудың апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібін жетілдіру, сот төрелігіне сенім деңгейін арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Заңда істерді соттың жаңадан қарауына жіберу институтын алып тастау, апелляциялық сатыдағы сот актілері жария етілген күннен бастап заңды күшіне енуі көзделген. Кассациялық іс жүргізу заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеруді көздейді. Бұл ретте апелляциялық және кассациялық талқылаулар Жоғарғы Сотқа одан әрі жүгіну үшін міндетті шарт болды.

2013 жылғы қарашада өткен Судьялардың VI съезінің шешімдерін іске асыру мақсатында судьялыққа кандидаттарды конкурстық іріктеу рәсімдері жетілдірілді, судья лауазымдарына кадр резервінің рөлі мен маңызы арттырылды, жоғарғы және облыстық соттар жанынан жедел ұйымдастыру мәселелерін шешу жөніндегі функциялар жүктелетін жеке орган құрылды.

Заң жобасымен АПК-нің бітімгершілік келісім жасасу рәсімін егжей-тегжейлі регламенттеуді көздейтін жаңа тарау енгізілді. Соттарға жүктемені азайтуға ықпал ететін медиация институтын одан әрі дамыту жаңа іс жүргізу фигурасын - судья-медиаторды енгізумен жоспарланды, ол өзге медиаторларға қарағанда өз қызметін ақылы негізде жүзеге асырмайды. Қазіргі таңда іс жүзінде судья-медиатор тек азаматтық іс жүргізуге ғана қатысуды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда әкімшілік әділет жүйесін құру жөніндегі шаралар шеңберінде Жоғарғы Сот әкімшілік іс жүргізу кодексінің тұжырымдамасы мен жобасын әзірледі. Алайда ол тек келер жылда ғана қолданысқа енетін болады. Бұл кодекстің қабылдануымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың заңсыз актілері мен әрекеттерінен қорғауда сот төрелігінің рөлін арттыру байланысты.

Сот қызметінің сапасын бағалау саласындағы шетелдік практикаларды зерделеу қорытындылары бойынша 2014 жылдан бастап республика соттарында соттар жұмысы мониторингінің жаңа жүйесі енгізілді. Ол сот төрелігін іске асыру кезінде сот тәуелсіздігінің қандай да бір кему ықтималдығын болдырмай, соттардың қызметін одан әрі жетілдірудің сенімді құралына айналды. Атап айтқанда, сот қызметінің жай-күйін бағалау үшін халықтың сот жүйесіне қатынасын және оның жұмыс істеу нәтижелерін зерделеу, халықтың соттардың жұмысы туралы хабардар болу дәрежесін анықтау мақсатында респонденттердің әртүрлі санаттарындағы әлеуметтік сауалнамалары қолданылуда. Осы зерттеудің нәтижелері Орталық БАҚ беттерінде кеңінен жарияланып, Жоғарғы Соттың интернет-ресурсында жарияланды.

Елбасы мен Мемлекет басшысының алдымызға қойған міндеттеріне сүйене отырып, судья кадрларын жақсарту, судьялардың тәуелсіздігін күшейту, сот қызметінің сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру мақсатында Екі жарым жыл бұрын «Сот төрелігінің 7 тастары» атты ірі пилоттық жобаларды іске асыру басталды. Оған «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Сапалы нәтиже», «Smart-сот», «Коммуникациялық стратегия» және «Сотқа дейін, сотта татуласу» кіреді.

«Әкімшілік Әділет «Мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша азаматтардың мемлекеттік органдармен дауларын қараудың жаңа ережелері белгіленеді. Жауапкер жаңа ережелер бойынша өз шешімінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдейді. Адамдарға немесе ұйымдарға оның шешімімен келіспеу туралы өтініш беру жеткілікті болады. Бұл олардың құқықтарын қорғауды жеңілдетеді. Сонымен қатар, сот талап қою талаптарын тұжырымдаумен байланысты болмайды. Талап қоюшы талап қою талаптарын тұжырымдауда және (немесе) өзгертуде, формальды қателерді жоюда және т. б. соттың жәрдеміне сенім артуға құқылы болады. Сондай-ақ, судья өз шешімінің орындалуын бақылайды. Сот шешімін орындауға мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай өндіріп алу көзделеді. Кодексте басқа да көптеген прогрессивті жаңалықтар бар», - екендігін атап өтуге болады.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауды күшейту бойынша мемлекет жүргізіп отырған жұмыстың танылуы Қазақстанның Судьялар қоғамдастығын 2012 жылы Халықаралық Судьялар қауымдастығының толық құқылы мүшесі ретінде қабылдауы болып табылады.

Сот жүйесі дамуының қазіргі кезеңінде соттарда заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалануға үлкен мән беріледі. 15 жыл бұрын басталған соттарда автоматтандырылған компьютерлік жүйелерді енгізудің нәтижесі сот органдарының тиімді пайдаланылатын бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесі болды, ол арқылы соттардағы сот

жүктемесін бөлуден бастап сот статистикасын жүргізуге дейінгі барлық негізгі процестер автоматтандырылды. Сот актілерінің бірыңғай электрондық базасы «Сот кабинеті» құрылды, ол арқылы сот ақпаратын соттардың интернет-ресурстарында жариялау жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта соттарда электрондық талап-арыздарды, сот отырысының хаттамасын беру туралы арыздарды, хаттамаға ескертулер қабылдау бойынша сервистер; Электрондық поштаның мүмкіндіктері, мемлекеттік органдармен құжат айналымының бірыңғай жүйесі; сот талқылауларына қатысушыларды электрондық хабарландыру; сот талқылауларының аудио-бейнежазбасы белсенді пайдаланылуда. Заң актілерінің жобаларында сот процесінде электрондық технологияларды пайдалану саласын кеңейту көзделді. Сонымен қатар, жаһандық пандемия кезінде барлық соттар "WhatsApp" немесе "Zoom" сияқты түрлі электрондық байланыс құралдарын қолдана отырып, сот отырыстарын қашықтықтан өткізуге көшті.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланған кезден бастап азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін жетілдіру, халықаралық құқықтық стандарттарға сай келетін және қоғамдық-саяси өмірдің осы заманғы үрдістеріне сай келетін тәуелсіз сот жүйесін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешені іске асырылды. Бұған жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған жүйелі шаралардың тиімділігі туралы "соттардың тәуелсіздігі" индикаторы бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде Қазақстан Республикасы позициясының жақсаруы дәлел. Егер 2014 жылы осы рейтингте Қазақстан 86-орында болса, 2019 жылдың қорытындысы бойынша республиканың позициялары 31 тармаққа жақсарды, яғни 55-орынға ауысты. Ал 2024 жылы Қазақстан Республикасының сот жүйесі Дүниежүзілік сот төрелігі жобасы (World Justice Project) жасаған әлемдік рейтингте 43-ші орынды иеленді. Бұл рейтинг әртүрлі елдердегі сот жүйесінің тиімділігі мен тәуелсіздігін бағалайды. [8]

Сот жүйесінің тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту, сот төрелігінің тиімділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі одан арғы шаралар барлық жалпыға бірдей танылған қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға жауап беретін сот жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Осы орайда барлық сот-құқық жүйесінің тиімді жұмыс істеуі тек қана тұтас мемлекетке ғана емес, сонымен қатар оның әрбір жеке азаматына да байланысты екенін атап өткен аса маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1991. № 51. – 622 б.
2. ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1995. № 23. – 147 б.; ҚР Парламентінің Жаршысы. 1997. № 7. – 78 б.; № 11. – 156 б.; № 13-14. – 194 б.; 1999. № 4. – 100 б.; № 23. – 915 б.; 2000. № 10. – 231 б.
3. М. Нәрікбаев Кеңестік сот жүйесіне соңғы «қоштасу» // Заң газеті. 10.01.2001 ж.
4. С. Темірболатов Қазақстандағы соттардың қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету мәселесінің эволюциясы туралы // [www/ suprcourt. kz](http://www.suprcourt.kz).
5. Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы. 2001. № 1-2. – 1 б.; 2002. № 6. – 38 б.
6. Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы. 2002. № 6. – 38 б.
7. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132-II Конституциялық Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132>
8. <https://worldjusticeproject.org/rule-of-law-index/country/2022/Kazakhstan/Civil%20Justice>